



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

03.04.2024 № 2

гс

**Тұрақты комиссияның  
2024 жылғы 3 сәуірдегі  
қаулысы**

**«City Transportation  
Systems» ЖШС қоғамдық  
көліктің жұмысы туралы  
есебі**

Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) «City Transportation Systems» ЖШС қоғамдық көліктің жұмысы туралы есебін тыңдап, талқылай отырып, келесіні атап өтеді.

Елорда халқының 48% - дан астамы қоғамдық көлікті пайдаланады. Елорданың автобус паркі 1 454 автобусты, маршруттар саны 96 бірлікті құрайды. Күн сайын жолаушылар 600 мыңға жуық сапар жасайды, Bus Lane автобус желілерінің ұзындығы 100,5 шақырымды құрайды. Автобустарды желіге жоспарлы түрде шығару - 1 036 бірлік, нақты шығарылымның орташа пайызы – 97% немесе 1 005 бірлік кестені құрайды. Жүргізушілер саны - 1 885 адам, аялдама пункттерінің саны – 1 460 бірлік.

2023 жылы 400 бірлік автобус сатып алынды. 2024 жылдың соңында 280 бірлік автобус сатып алуды және жеткізуді жүзеге асыру жоспарлануда.

2024 жылы № 42 жаңа маршрут іске қосылды, ол бірқатар проблемалық учаскелерді шешуге мүмкіндік берді, атап айтқанда, Қараменде би Шақаұлы, Айтматов көшелеріне, Тұран даңғылына, «Агрогородок» тұрғын алабына қызмет көрсетуді күшейту. Қалған мәселелерді шешу үшін ағымдағы жылы 8 бірлік қалалық маршрутты, 7 бірлік экспресс маршрутты іске қосу жоспарланған. Сондай-ақ 3 түнгі маршрутты іске қосу жоспарда бар. Қозғалыс схемалары әзірлеу процесінде.

Сонымен қатар, мәжіліс кезінде депутаттар қоғамдық көлік жұмысының кемшіліктері туралы атап өтті, олар қарбалас уақытта автобустардың мониторингін жүргізу арқылы, сондай-ақ сайлаушылармен жұмыс барысында анықталды. Автобустардың жеткіліксіз саны, қарбалас уақытта автобустардың шамадан тыс жүктелуі, автобустардың қозғалыс аралықтарын сақтамау өзекті мәселе болып қала береді. Тұрғын алаптардағы маршруттарды қайта қарауға ерекше назар аудару қажет. Мысалы, «Үркер»

тұрғын алабынан 1 қалалық ауруханаға, 2 балалар ауруханасына, әуежайға және «Нұрлы жол» вокзалына тікелей автобус маршруттары жоқ.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Қоғамдық көліктің жұмысы туралы «City Transportation Systems» ЖШС есебі назарға алынсын.

2. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ «City Transportation Systems» ЖШС-мен бірлесіп:

«Астана қаласында қоғамдық көлік жұмысының сапасын арттыру туралы» тұрақты комиссияның 2024 жылғы 24 қаңтардағы бұрын жіберілген қаулысы бойынша ақпарат беру;

қарбалас уақытта жүретін автобустардың санын көбейту бойынша шаралар қабылдау;

барлық автобустарда бейнетіркегіштерді орнатуды көздеу;

Астана қаласының тұрғын алаптарында жылы аялдама павильондарын басым орнатуды жоспарлау;

қоғамдық көлік жүргізушілері үшін жатақханалар салу және жалақыны арттыру мүмкіндігін тиісті мемлекеттік органдармен пысықтау;

«Үркер» тұрғын алабынан 1 қалалық ауруханаға, 2 балалар ауруханасына, «Нұрлы жол» әуежайы мен вокзалына дейін тікелей автобус бағытын іске қосу жөнінде шаралар қабылдау;

қаланың тұрғын алаптарындағы автобустардың маршруттары мен қозғалыс аралығын қайта қарау;

жолаушылардың қауіпсіздігі мақсатында ескі автобустарда жоғары деңгейдегі жұмыс істеп тұрған тұтқалармен салыстырғанда төменгі биіктікте тұтқаларды орнатуды қамтамасыз ету;

жаңадан салынған және салынып жатқан мектептерге автобус маршруттарын іске қосуды көздеу;

ЖАТЭЖ жаңғырту бойынша қызметтер көрсететін компания үшін міндеттерді орындау мерзімі 1 мамырға дейін белгіленсін, аталмыш міндеттемелер орындалмаған жағдайда осы салада жұмыс тәжірибесі бар басқа компанияларды тартуды қарастыру;

осы салада жұмыс тәжірибесі бар компаниялардың пайдасына көлік жүйесін дамытудың кешенді бағдарламасын әзірлеушіні айқындау мәселесін қайта қарау;

қаланың бес ауданында жүргізушілер үшін соңғы аялдама пунктін орналастыру бойынша пилоттық жобаға бастама жасау;

бір апта мерзімде Астана қаласы бойынша қалалық және қала маңындағы қатынастарда жолаушылар мен жолжүкті автомобильмен тұрақты тасымалдауға тарифтерді ұлғайту жөнінде ақпарат беру;

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінде қарауға енгізілген немесе жоспарланып отырған заң жобаларының атауларын және депутаттық корпуспен егжей-тегжейлі бірлесіп пысықтау үшін жұмыс тобының құрамын


көрсете отырып, билетсіз жүргені үшін айыппұлдарға және автобус жүргізушілерінің жасына қатысты қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау;

ағымдағы жылдың мамыр айында «НИПИ «АСТАНАГЕНПЛАН» ЖШС базасында қоғамдық көлік мәселелері бойынша кездесу өткізуді ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа қаулыда белгіленген мерзімдерде, өзге де тармақтар бойынша – бір ай мерзімде беру.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
құрылыс, экология, көлік және тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылық  
мәселелері жөніндегі тұрақты  
комиссиясының төрағасы**



**В. Сергеев**